

«Аяна» бөбекжай балабақшасының №1 педагогикалық кеңес мәжілісі
отырысының хаттамасы.

Тақырыбы: Оқу-тәрбие жұмысындағы өзгерістерді меңгерту.2023-2024 оқу жылының мақсаты мен міндеттері

31.08.2023

Қатысушылар :19

Қатыспағандар:

Күн тәртібі

- 1 .Балабақша бойынша 2023-2024 жаңа оқу жылына арналған жоспардағы өзгерістерді талқылап, бекіту.
2. . Балабақшаның жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы
3. Нормативтік құжаттарды таныстыру
4. Педагогтардың 2023-2024 оқу жылына арналған оқу жоспарлары ,перспектива ,циклограма ,ұйымдастырылған іс әрекет кестесі,күн тәртібін бекіту.
- 5.Іскерлік ойын.
6. № 1 Педкеңес шешімі

*Тыңдалды:*Өткен педагогикалық кеңестің шешімдері бойынша балабақша әдіскері Ж.Садыкованың хабарламасы тыңдалды.

Келесі сөзді балабақша меңгерушісі К.Керимбаева биылғы оқу жылындағы жылдық жоспарды таныстырып өзгерістерді айтып өтті ,жылдық жоспар талқыланып бекітілуге ұсынылды.

Пікір : тәрбиеші Б.Нұрлыбай жылдық жоспар бойынша биылғы өзгеріс әрбір тәрбиешіге шығармашылық тақырыптар берілген ,ол деген тәрбиешінің өз бетімен ізденуіне ,және шығармашылықпен жұмыс жасау үшін қолайлы екенін атап өтті.

Жазғы сауықтыру шынықтыру маусымындағы атқарылған жұмыстар туралы хабарламаны балабақша әдіскері ,психологы және медбикесі жасады .Жалпы жаз мезгілінде жоспарланған іс-шаралар өз уақытында өтті.

Келесі сөзді балабақша әдіскері алып биылғы оқу жылында басшылыққа алынатын нормативті құжаттар мен таныстырды. Оның ішінде білім заңы бойынша

балабақшаға қатысты 4 баппен таныстырды ,әдістемелік нұсқаулық хатпен ,санпин ережелері туралы бұйрықпен таныстырды.

Келесі кезекте топтардың жаңа оқу жылына арналған тәрбиешілерге қатысты құжаттар меңгеруші тарапынан бекітілуге ұсынылды.

Балабақша әдіскері тәрбиешілерді екі топқа бөліп алып іскерлік ойын жүргізді топ мүшелері жеребе алу арқылы қорғайтын тақырыптарын таңдады .бірінші топ «Мектепке дейінгі ұйымның имиджін қалыптастыру» бойынша ,екінші топ «жалпыға міндетті білім беру стандарты» бойынша тәрбиеші қандай жұмыстар атқаратынын атап өтіп филичарт қорғауға тапсырмалар берілді .

Бірінші топ басшысы тобымен ақылдаса отырып , балабақша имеджін қалыптастыру үшін,ең алдымен психологиялық ақуалдың тұрақтылығы ,тәрбиешілердің кәсіби біліктілігі сонымен қатар балабақшаның заман талабына сай болып бәсекелестікке қабілеттілігі жоғарғы болу керектігін атап ,өтті.

екінші топ стандарт бойынша өз пікірлерін ортаға салды ,онда стандарт біздің жүйелі жұмыс жасауымыз үшін оны күнделікті оқып ,танысып отыруымыз керек,бағдарламаны жүзеге асыру, топта заттық дамытушы орта жасақтау ,күн тәртібін сақтау ,балалардың ерекшелігі мен қажеттіліктерін ескере отырып білім мен тәрбие беру керектігін атап өтті. Күн тәртібіндегі мәселерді саралай келе педагогикалық кеңес төмендегідей шешім қабылдады.

Қаулы етеді:

1. Балабақша бойынша 2023-2024 жаңа оқу жылына арналған жоспар бекітілсін.
2. Балабақшаның жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелсін
3. Нормативтік құжаттарды балабақшаның тәрбиелеу мен білім беру күнделікті жүзеге асырылсын.
4. Педагогтардың 2023-2024 оқу жылына арналған оқу жоспарлары ,перспектива ,циклограма ,ұйымдастырылған іс әрекет кестесі,күн тәртібін бекітілсін
5. Шешімдер дің орындалуын қадағалау әдіскерге жүктелсін.

Жиналыс төрағасы:

К.Керимбаева

Хатшысы:

С.Садыбаева



**ЖШС «Аяна» бөбекжай балабақшасының №2 педагогикалық кеңес
мәжілісі**

отырысының хаттамасы.

Тақырыбы: Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту

15.11.2023ж

Қатысушылар :20

Қатыспағандар:

Күн тәртібі

1. №1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Құм терапиясы балабақшада
3. Шебер сынып «Балабақшада құммен салудың дәстүрден тыс техникасына қызығушылық ».Іскерлік ойын
5. Ағымдағы мәселелер, №2 педкеңестің шешімі

Келесі педкеңеске тапсырма: «Құммен сумен ойналатын» ойындар картотекасын дайындау

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі К.Керимбаева сөз алып өткен педагогикалық пед кеңес шешімдерінің орындалуына тоқталып өтті.

Топ тәрбиешісі Г.Абдикаримова шығармашылық тақырыбы құм терапиясын балабақшада қолданудың тиімділі туралы баяндама оқыды.

Баяндамада құм терапиясының пайдасы туралы нақты мысалдармен келтірді.Сонымен қатар құм терапиясын ұйымдастырылған іс-әрекеттерге қалай пайдалануға болатынын көрсетті ,математика негіздері оқу қыметтеріне және сурет салу оқу қызметтеріне қалай пайдалылатынын көрсетті.

Әдіскер Ж.Садыкова тәрбиешілермен бірге қызықты ойын ұйымдастырды.Тәрбиешілерге келесі пед кеңеске дейін тапсырма берілді құммен сумен ойналатын ойындардың картотекасын жасауды тапсырды.

Қаулы етеді:

- 1.№1 педкеңестің шешімдері толық орындалды деп есептелсін

2.Құм терапиясы балабақшада атты баяндама толықтырылып ,үздік педагогикалық идеялар фестиваліне ұсынылсын.

3.Шебер сынып «Балабақшада құммен салудың дәстүрден тыс техникасы балабақшаның іс-тәжірибесіне енгізілсін

4.Іскерлік ойында қолданылған ойындар іс-тәжірибеге енгізілсін

5. Ағымдағы мәселелер, №2 педкеңестің шешімі Қабылдансын.

Жиналыс төрағасы:



К.Керимбаева

Хатшысы:

С.Садыбаева

ЖШС «Аяна» бөбекжай балабақшасының №3 педагогикалық кеңес мәжілісі отырысының хаттамасы

11.01.2024ж

Қатысқандар саны: 19

Тақырыбы: **Физикалық қасиеттерді дамыту**

Күн тәртібі:

1. №2 педкеңестің шешімдерінің орындалуы

2. Денсаулық сақтау технологиясы бойынша жасалынған көрнекіліктер
3. Балалардың бірінші жарты жылдықтағы денсаулық көрсеткіштері
4. Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша аралық даму мониторингісі
5. Ағымдағы мәселелер №3 пед кеңесшешімі

Тыңдалды : Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер бойынша балабақша меңгеруші К.Керимбаева сөз алып өткен педагогикалық кеңесте сумен ,құммен ойналатын ойындар картотекасын жасау тапсырылған еді ,нәтижесінде топтарды аралап шығу барысында картотекалардың жасалғандығын көріп шықтым.

Балабақша әдіскері сөз алып ,балабақшада негізгі міндетіміз балалардың денсаулығын нығайту үшін ,денсаулық сақтау технологиясын күнделікті қолдану керектігін айтып өтті және осы мақсатты орындау барысында көрнекіліктер жасаудан тапсырмалар берілгендігін ,бүгін көріп тұрғандарыңыздай денсаулық сақтау технологиясына арналған көрнекіліктерін ,көрме ретінде ұйымдастырып, әр топ өз көрнекіліктерін қалай қолдану керектігін және баланың қандай дағдыларының қалыптасатынын атап өтті.

Келесі сөзді балабақшаның медбикесі Ш.Худайбергенова сөз алып балалардың бірінші жарты жылдықтағы денсаулық көрсеткіштеріне сараптама жасады ,қазіргі кезде елімізде ,балалар арасында қызылша ауруының өршіп тұрғанын ,сонымен қатар гепатит А түрі де балалар арасында кездесіп жатқанын айтып өтті. Балабақшамызда бұл аурумен ауырған балалар тіркелмегенін ,және де басқа да жұқпал аурумен балалар ауырмағанын айтты ,балалардың жалпы балабақшаға қатысу деңгейі 90 пайызды құрады.

Балабақша әдіскері үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша аралқ даму мониторингісі бойынша топтардың нәтижесіне талдау жасап шықты.Күн тәртібіндегі қаралаған мәселелерді саралай келе төмендегідей шешімдер қабылданды.

Қаулы етеді:

- 1.№2 педкеңестің шешімдерінің орындалуы Қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Денсаулық сақтау технологиясы бойынша жасалынған көрнекіліктер жоғары дәрежеде деп есептелсін.
- 3.Балалардың бірінші жарты жылдықтағы денсаулық көрсеткіштерін жақсарту бойынша прафилактикалық жұмыстар жүргізілсін.
- 4.Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша аралқ даму мониторингісі бойынша жеке тдаму карталары жасалсын.
5. Ағымдағы мәселелер №3 пед кеңесшешімдері қабылдансын.

Жиналыс төрағасы:



К.Керимбаева

Хатшысы:

С.Садыбаева

**ЖШС «Аяна» бөбекжай балабақшасының №4 педагогикалық кеңес
мәжілісі отырысының хаттамасы.**

14.03.2024ж

Қатысқандар саны: 19

Тақырыбы: **Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту**

Күн тәртібі:

1. №3 педкеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, балалардың интеллектуалдық қабілеттерін, логикалық ойлауын дамыту
3. Ересек, мектепалды топтарда диагностика жасау
4. Топтар бойынша қортынды ұйымдастырылған іс-әрекет байқауы
5. Ағымдағы мәселелер №4 пед кеңес шешімі

Бүгінгі күн педагогикалық кеңесті балабақша меңгерушісі К.Керимбаева өткізіп жиналғандарды кеңестің күн тәртібімен таныстырды.

Бірінші мәселе бойынша меңгеруші К.Керимбаева әңгімелеп талдауға көшті. Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі әзірлеген жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша түсінік берілді. Әрбір тәрбиеші осы стандарттағы негізгі ережелер мен талаптарды ондағы білім салаларын білім салаларын білуге міндетті деп атап көрсетті.

Күнделікті балаалармен істейтін оқу іс-әрекеттер басты рөл оның ең маңызды екенін түсіндірді. Оқу іс-әрекеттерді орындау бойынша білім салаларына ерекше мән берілді. Одан әрі балабақша әдіскері Ж.Садыкова балалармен жұмыс істейтін педагогтарға қойылатын жалпы талаптарды оқып түсіндірді.

Балалардың инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып балалардың интеллектуалдық қабілеттерін логикалық ойлауын дамытуда заттардың қасиеттерін бағдарлау, қоршаған ортаны тану, дағдылар, экологиялық мәдениет негіздері, математикалық ұғымдар, іздеу және эксперименттер, іс-әрекет, ақпаратпен жұмыс жасалынып, өздігінен қозғалу белсенділігі артуы қажет. Салауатты өмір салты, бір-бірімен ара қатынас мәдениеті, тілдің грамматикалық құрылымы, сөйлеу мәдениеті, көркем әдеби

шығармашылықпен және мінез-құлық дағдылары мен адамгершілік нормаларымен тығыз байланыста болуы тиіс. Жаңа технологияны қолдану мына кезеңдер арқылы жүзеге асады;

1. оқып үйрену;
2. меңгеру;
3. өмірге ендіру;
4. дамыту;

Жаңа техногия түрлерін балабақшада пайдаланудың басты мақсаты; тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық ойын технологисын пайдалана отырып жан-жақты білімді тұлға тәрбиелеу. Балалдардың зерттеушілік қабілеттерін танымдық белсенділіктерін дағдылары мен таланттарын дамытуға слайдтар мен бейне материалдар дауысымен мультпликациясымен балалардың назарын өзіне аударады. Қазіргі заман балалары гипер белсенді ,ерекше қабілетті, бір мезгілде бірнеше іс-әрекет түрлерімен айналыса алатыны айтылды.

Білім беру салалары бойынша баланың жасына сәйкес күтілетін нәтижелерге жету көрсеткіштері-индикатор. Педагогтың баланың дамуын үнемі бақылауы яғни диагностика арқылы жүзеге асады. Түрлі кезеңдегі біліктері мен дағдыларының даму динамикасын анықтауға, педагогтың алдағы іс-әрекетін жоспарлауға, мектеп жасына дейінгі баланың жеке дамуына қажетті жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік беретіні айтылды.

Өз сөзінде К.Керимбаева алдағы уақытта балабақшадағы педагогикалық ұжымның балаларды оқыту мен тәрбиелеуде саналы да сапалы білім беріп аянбай жұмыс істей берулеріне тілек білдірді.

Қаулы етеді;

1. №3 педкеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Балалардың білім салалары бойынша іс-әрекеттерді одан әрі нығайтып дамыту жүргізілсін.
3. Жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша талаптар орындалсын.
4. Ағымдағы мәселелер №4 педкеңес шешімдері қабылдансын.

Жиналыс төрағасы

К.Керимбаева

Хатшысы

С.Садыбаев



**ЖШС «Аяна» бөбекжай балабақшасының №5 педагогикалық кеңес
мәжілісі отырысының хаттамасы.**

17.05.2024ж

Қатысқандар саны: 19

Тақырыбы: **2023-2024 оқу жылындағы балабақша жұмысының нәтижелігі
«Оқу жылындағы жылдық міндеттемелердің орындалуы туралы**

Күн тәртібі:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімін талдау.
2. «Біздің табыстарымыз туралы» - топ тәрбиешілер мен мамандарының жыл бойы жүргізген жұмысы жайлы таныстырымдылық есебі
3. Әдіскердің бір жыл ішінде істеген жұмысы жайлы есебі
4. Балалардың аурушандық деңгейін талдау
5. Жазғы-сауықтыру кезеңіне жұмыс жоспарын бекіту.
5. Ағымдағы мәселелер № 5 пед кеңесшешімі

Тыңдалды;

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі К.Керимбаева №4педкеңестің шешімдерінің орындалу барысына тоқталды.Педагог тәрбиешілердің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың өзекті мәселелері зерделеніп, жұмыс тәжірибесіне енгізілгеніне тоқталды.

Оқу жылында әдіскер Ж.Садыкова бір жыл ішінде істеген жұмысы жайлы есебінде жылдық жоспарға сай іс-шара,ертеңгіліктер,ашық есік күні, байқаулар,ата-аналармен жиналыс,қамқоршылдық кеңесінің отырысы жөніндегі атқарылған жұмыстарды айтты.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандартының және бағдарламаларының талаптарының орындалуы ,педагогтардың кәсіби шеберлігінің өсуі ,педагогтардың шығармашылық әлеуетінің жоғарылауы,аудандық тәжірибелік семинарларға қатысуы жайлы мәлімет берді.Балалардың бір жылдық бағдарлама материалын меңгеруі,бастапқы, аралық, қорытынды жиынтық,жеке дамуы есептің нәтижесі жөнінде айтылды.

Стандарт талаптары баланың даму деңгейіне сәйкес болуын қарастырады және бала жетістіктерінің мониторингі негізінде жүзеге асырылады. Балалардың білім – біліктілік дағдысының даму деңгейі осы мониторингте байқалды. Мониторинг нәтижесі бойынша балалардың құзіреттілігінің даму динамикасының оңтайлы екендігі байқалады. Бұдан ұйымдастырылған оқу қызметтері жеткілікті деңгейде жүргізілуде деген қорытынды жасауға болады.

Биылғы жылы балабақшада балалардың даму құзіреттілігінің диагностикасы ғана емес, сонымен қатар балалардың мектепке дайындығына талдау жасалды. Бітірушілер тобы екеу. Салыстырмалы бақылау негізінде тәрбиеленушілермен тіл дамыту жұмыстарын жиі жүргізу, балаларды өз бетінше әрекет етуге, ойын ашық айта білуге үйрету, шығармашылық қабілеттерін дамыту, сурет салу өнеріне баулу, ермексазбен жұмыс жасау технологиясын үйрету қажеттілігі анықталды. Тәрбиешілер мен басқа бардлық мамандар ынтымақтастықпен жұмыстарын жүргізді. Балалардың даму деңгейін тексеру және бақылау әдіскер Ж. Садыкованың басшылығымен әдістемелік кеңесте талқыланды.

Төртінші мәселе бойынша балабақша мейірбикесі Р. Балтабек балалардың аурушандық деңгейін талдау топтағы әрбір баланың денсаулығының нығаюы мен дағдыларының қалыптасуына әсер ету мақсатында жыл бойы атқарылған жұмыстарының қорытынды есеп талқыланды. Дені сау рухы таза ұрпақ өсіру ең маңызды мәселе. Оқу жылындағы балалардың денсаулығы мен сауықтыруы туралы балабақша мейірбикесі өз есебін айтты.

Меңгеруші К. Керимбаева сөз алып, жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жоспарымен таныстырды. Апталық тақырыптарға сай қорытындылау нәтижесінде ойын-сауық өткізіледі. Ойын сауыққа жауапты педагогтер бекітілді. Жазғы-сауықтыру кезеңіне жұмыс жоспарын бекіту балаларды жазғы сауықтыру кезеңде дене сауықтыру жұмысы, ұсақ моториканы дамыту ойындары, спорттық және қимылды ойындар таңертеңгі гимнастика, сергіту сәттері, музыкалық –ырғақтық қимылдар, дербес қимыл белсенділігі, тыныс алу жаттығулары, серуендер, жарыстар, тиімді тамақтану ұйымдастырылады.

Қаулы етеді:

1. Әдіскер Ж. Садыкова №4 педкеңестің шешімдерінің орындалу барысы туралы есебіне қанағаттанарлық деп бағалансын.
2. Педагог –тәрбиешілер үнемі ізденісте болып білім деңгейі мен кәсіби шеберлігін арттырсын.
3. Әдіскер Ж. Садыкованың бір жыл ішінде істеген жұмысы жайлы есебіне қанағаттанарлық деп бағалансын.

Quip

Хатшысы

Cough

С.Садыбаева